



Автор: Дабылбаева Акбота Галымжановна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Менің отбасым және достарым

Тақырып: Ы дыбысы мен әрпі

сабақ мақсаты	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу. 1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. 1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту. 1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою
---------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақ басы	Ертеңгілік шеңбері Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!	
сабақ ортасы	№1 Ы әрпіне келген қонақтардың аттарын тап. Ол сөздерге дыбыстық талдау жаса. №2 Суреттерге қарап, өз топтарыңмен сұраққа жауап беріңдер. □ Оқушылар қандай сабақтарда болды? □ Олар әр сабақта немен айналысты? □ Сауат ашу сабағында қай әріппен таныстың? Қатты нөсер басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі кемпірқосақ шашылды (жарты доға жасайды) «Адасқан буындардан сөз құрау» Ыр, дыс, ыс, ны, шы, ық, су, ы, сық, тор, сын, су. Мұғалім сабаққа қатысты сұрақтар мен тапсырмалар береді. -Бүгін біз қандай дыбыс және әріппен таныстық? -Сабақ ұнады ма? -Ы қандай дыбыс? - Ы дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі? Берілген тапсырманы жеке отырып жұмыс жасайды, жұптасып талқылайды. Ойларын сыныппен бөліседі.	
сабақ соңы	Рефлексия Оқушылар «Еркін микрофон» әдісі бойынша сабаққа кері байланысты ауызша айтты. Кері байланыста оқушылар өз топтарының жұмысымен бірге басқа топтың да жұмыстарын бағалады және ұсыныстарын берді. Бұл сабақта оқушылар шығармашылықпен жұмыста топтық жұмыстың пайдасын түсінді деп ойлаймын.	